

## АТТЕСТАЦИЯ



**Педагогтің үздіксіз кәсіби даму факторы**



**Педагогтің іс-әрекетін білім алушылардың жетістіктері арқылы объективті бағалау жүйесі**



**Өздігінен білім алу және мансаптық өсуді ынталандыру**



**Әлеуметтік әділдік**



**Академиялық адалдық**

## АТТЕСТАЦИЯ



Аттестаттау комиссиясы **жылына бір рет** шешім қабылдайды



**Сабақ** (оқу сабағы, іс-шара, ұйымдастырылған іс-әрекет) - педагог үшін **оқыту әдістемесін меңгерудің** негізгі көрсеткіші



**Білім беру ұйымы** педагогтерді аттестаттау үшін материалдарды қалыптастыруға жәрдемдеседі



**Білім алушылардың білім сапасының динамикасы** - педагог үшін қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіші

## АТТЕСТАЦИЯ



ПББ өткізу талаптарын бұзу дерегі анықталған жағдайда :

- аттестатталушы бір жыл мерзімде аттестаттаудан өтуге жіберілмейді.
- қайта анықталған жағдайда педагог, бөлімнің басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинеттің басшысы орынбасары – бес жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің басшысы – үш жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді.



Педагогтердің ПББ нәтижесі ПББ тапсырған күннен бастап бір жылға жарамды болып саналады.



Барлық лауазымдағы педагогтер мен әдіскерлер үшін ПББ нәтижесі жарамды болып табылады:

«педагог» -

**50%**

«педагог-модератор» -

**60%**

«педагог-сарапшы» -

**70%**

«педагог-зерттеуші» -

**80%**

«педагог-шебер» -

**90%**

Басшы  
орынбасарлары-

**70%**



### ПББ тестілеуі

- Пәндік білім– 30 тапсырма  
**Оқыту әдістемесі –** 20 тапсырма
- Педагог портфолиосына эссе



Бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын растауда **ПББ-дан өту талап етілмейді.**



Мүмкіндіктері шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар үшін қосымша **40 (қырық) минут** беріледі.



Егер педагог **біліктілік арттыру курстарының тренері** болған жағдайда «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санаттарына 3-4 балл қосылады